

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы  
№1 хаттама**

**Күні: 13.10.2023ж.**

**Қатысқаны: 35 педагог**

**Күн тәртібінде:**

- 1.2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту.
- 2.Педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен әдіскер А.Т.Атыгаева таныстырып өтті. Жаңа оқу жылында кеңес жұмысы келесі бағыттарға басымдық береді:

- Педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын бақылау;
- Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында семинарлар, тренингтер өткізу;
- Ата-аналармен кері байланыс орнату;
- Кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету – балабақша сайтында ақпарат жариялау;
- Жыл соңында қорытынды есеп беру арқылы жұмыс тиімділігін бағалау. Кеңес мүшелерінің белсенділігі мен жауапкершілігі – осы жоспардың табысты орындалуының кепілі. Әрбір мүшенің ұсынысы мен пікірі ескеріліп, жұмыс жоспары нақты әрі нәтижеге бағытталған түрде құрылады.

Екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы П.М.Кадирова сөз алды. Педагогикалық әдеп кеңесі – білім беру ұйымындағы педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын қамтамасыз ететін, олардың мәртебесін қорғауға бағытталған маңызды құрылым. Кеңес мүшелерінің құрамы балабақшаның ішкі тәртібі мен педагогикалық ахуалына тікелей әсер етеді. Сондықтан кеңеске жауапты, әділ, беделді және ұжымда сыйлы педагогтарды тарту – басты міндет.

Жаңа мүшелерді ұсыну негіздері:

- Педагогикалық әдеп нормаларын терең меңгеруі;
- Ұжымда беделге ие болуы;
- Тәрбиелік және ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болуы;
- Әділдік пен бейтараптық принциптерін ұстануы;
- Кеңес жұмысына белсенді қатысуға дайын болуы;

Ұсынылатын жаңа мүшелер:

Бұрын мүшелер құрамында болған балабақша меңгерушісі П.М.Кадирова төрайым ретінде, Мұхтарқызы С – тәрбиеші.

Ұсынылған педагог жоғарыда аталған критерийлерге сай келеді және кеңес жұмысына белсенді атсалысуға ниетті.

Сөйлеушілер: балабақша меңгерушісі П.М.Кадирова «Құрметті әріптестер, жаңа оқу жылында педагогикалық әдепті сақтау мен нығайту бағытында нақты әрі нәтижелі жұмыс жүргізуіміз қажет. Жоспарымызда педагогтар мен ата-аналар арасындағы қарым қатынас мәдениетін арттыруға басымдық берілген. Бұл – білім беру сапасының маңызды көрсеткіші.»

Психолог Туганбекова Г - «Жоспар мазмұны өте орынды. Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу – педагогтардың кәсіби дамуына оң әсер етеді. Жоспарды қолдаймын»

Тәрбиеші: Аубакирова С – кеңес құрамын жаңарту, оның жұмысын жандандырудың бір жолы. Қосылып жатқан маман. Ол кеңес жұмысына тың серпін береді деп сенемін.

Музыка жетекшісі Абельбаева Г.Н – жаңа мүшелердің қосылуы – ұжымдық шешім қабылдаудағы ашықтық пен әділдіктің көрінісі. Ұсынылған педагогты кеңеске қабылдауды қолдаймын.

**Кеңестің шешімі:**

- 1.2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, басшылыққа алынсын
- 2.Педагогикалық әдеп кеңесіне ұсынылған кандидат әдеп кеңесінің мүшесі ртінде тағайындалсын.

Кеңес төрағасы:  
Кеңес хатшысы:



П.М.Кадирова  
А.К.Жамантаева

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы  
№2 хаттама**

**Күні: 25.01.2024ж.**

**Қатысқаны: 40 педагог**

**Күн тәртібінде:**

4. Педагогтердің қызметтік міндеттерін орындау барысында педагогикалық әдеп талаптарын сақтау жағдайы туралы.
5. Педагог пен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселесі.
6. Әртүрлі мәселелер.

## **ТЫҢДАЛДЫ**

### **Бірінші мәселе бойынша:**

Балабақша әдіскері А.Т.Атыгаева педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейі туралы баяндама жасады. Педагогтердің қызметтік міндеттерін орындау барысында педагогикалық әдеп талаптарының сақталу жағдайына мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында педагогтердің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасы, еңбек тәртібін сақтауы, қызметтік міндеттерін адал орындауы қарастырылды.

Талдау нәтижесінде педагогтердің басым көпшілігі педагогикалық әдеп қағидаларын сақтайтыны анықталды. Педагогтер тәрбиеленушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтайды, ата-аналармен өзара сыйластық пен ынтымақтастық негізінде жұмыс жүргізеді.

Сонымен қатар, педагогтер арасында іскерлік қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал сақталған. Қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау, қызметтік міндеттерді уақытылы және сапалы орындау талаптары орындалуда.

Мониторинг барысында педагогикалық әдеп талаптарын бұзу фактілері тіркелген жоқ (немесе тіркелген жағдайда нақты көрсетіледі). Дегенмен, педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру және педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау жұмыстарын тұрақты жалғастыру қажеттілігі атап өтілді.

### **Екінші мәселе бойынша:**

Тәрбиеші Мұхтарқызы С - мектепке дейінгі ұйым қызметінің тиімділігі педагог пен ата-ана арасындағы өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа және сенімді қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Осыған байланысты педагогтердің ата-аналармен жұмыс жүргізу барысында қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселесі қарастырылды.

Талдау барысында педагогтердің ата-аналармен байланыс орнатуда әдептілік, сыпайылық және кәсібилік қағидаларын ұстанатыны анықталды. Ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, ашық есік күндері және түрлі іс-шаралар арқылы ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып келеді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты көзқарастарының әртүрлі болуы өзара түсініспеушіліктердің туындауына себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін педагогтердің коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, ата-аналармен ашық және сындарлы диалог жүргізу маңызды болып табылады.

## ҚАҰДЫ ЕТТІ

6. Педагогтарға педагогикалық және әдістемелік қолдау бөлімінде жұмысты жалғастыру
7. Ақп-сәуір айында жұмыс бағамында ақпараттық және әдістемелік қолдау қызметін ұстау
8. Педагогтар арасында іскерлік арнау-қатынамы мақалаларын қолданыстыруға бағытталған і-шаралар ұйымдастыру
9. Педагогикалық және психологиялық ақпараттық тұрақты бақылауды ұстау
10. Қолданыстағы әдістердің ақпараттық бақылау өсіміне жүргізілісін.

Көмегіңізге:  
Көмегіңізге:



П.М.Қалиева  
А.К.Жамалова

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы  
№3 хаттама**

**Күні: 12.03.2024ж.**

**Қатысқаны: 41 педагог**

**Күн тәртібінде:**

4. Педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі.
5. Ұжымдағы өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
6. Әртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т.Атыгаева түсіндіріп өтті. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер педагогтердің кәсіби қызметінде ақпарат алмасудың, тәжірибе таратудың және қоғаммен байланыс орнатудың маңызды құралы болып табылады. Осыған байланысты педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі қарастырылды. Талдау барысында педагогтердің әлеуметтік желілерде өздерінің кәсіби беделіне сай мінез-құлық танытып, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауы қажеттігі атап өтілді. Педагогтер жарияланатын ақпараттың шынайылығына, мазмұнының тәрбиелік және адамгершілік құндылықтарға сәйкестігіне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әлеуметтік желілерде тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін пікірлер мен материалдарды жариялауға жол берілмеуі қажет. Сонымен қатар, қызметтік ақпараттың құпиялылығы сақталып, жеке деректерді жариялау талаптары заңнамаға сәйкес орындалуы тиіс. Мониторинг нәтижесі педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану барысында жалпы педагогикалық әдеп талаптарын сақтайтынын көрсетті. Дегенмен, цифрлық мәдениетті арттыру және әлеуметтік желілердегі жауапты мінез-құлықты қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша психолог Туганбекова Г - Ұжымдағы өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті ұйым қызметінің тиімділігін арттырудың, қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты педагогикалық ұжым мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениеті, іскерлік этика нормаларын сақтау деңгейі қарастырылды. Талдау нәтижесінде ұжымда әріптестер арасында өзара құрмет, қолдау көрсету және ынтымақтастық қағидадары сақталатыны анықталды. Педагогтер қызметтік міндеттерін орындау барысында кәсіби этика талаптарын басшылыққа алып, бір-бірінің пікіріне құрметпен қарайды және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс атқарады.

**Қаулы етті:**

3. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынасты нығайту.
4. Педагогикалық әдеп қағидаларын және іскерлік этика нормаларын сақтау бойынша жұмыстарды жалғастыру.

**Кеңес төрағасы:**  
**Кеңес хатшысы:**



**П.М.Кадирова**  
**А.К.Жамантаева**